

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы құқықтық ақпаратпен алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 мамыр N 428

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 10 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы құқықтық ақпаратпен алмасу туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан

Республикасы Үкіметінің арасындағы құқықтық

ақпаратпен алмасу туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 70-құжат)

(1998 жылғы 20 мамырда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 68 бет)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі

достық пен өзара түсіністік қатынастарын нығайтуға тілек білдіре отырып,

құқықтық саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтыла отырып,

екі мемлекеттің заңдары туралы өзара ақпаратты жақсарту жөніндегі қатынастарды дамыту қажеттігін түсіне отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Тараптар жариялануға ашық халықаралық ауыстыруға жататын нормативтік құқықтық актілер Тізімінде көрсетілген мәселелер бойынша екі жақты құқықтық ақпарат ауыстырудың қажеттігін таниды (қоса беріліп отыр).

Жоғарыда аталған тізім Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа нормативтік құқықтық актілер туралы сауал қоюшы ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.

Ынтымақтастық барысында Тараптардың бірімен алынатын ақпарат Тараптардың мүдделері залалдарына пайдаланылмайды.

3-бап

Тараптар ұлттық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, құқықтық ақпаратты ауыстыру үшін мәліметтердің жеке эталондық базаларын ұйымдастырады.

4-бап

Тараптар құқықтық ақпарат ауыстыру жүйесін құру жөніндегі келісілген шараларды жүзеге асыра отырып, субъектілер тізімін - ақпарат пайдаланушыларды; ақпараттың құқықтық тәртібін - ашықтық, құжаттау тәртібін, кіруге мүмкіндік, сақтау, ақпаратты тарату және қорғау дәрежесін айқындайтын нормативтік белгіленген ережелерді сәйкес айқындайды.

5-бап

Тараптар Әділет министрлігінің құқықтық ақпаратты құру жүйесі және ауыстыру жөнінде жұмыс координаторларын айқындайды.

6-бап

Тараптар бірлесіп пайдалану үшін айқындалған (мәліметтердің эталондық базаларына) құқықтық ақпараттық ұлттық ресурстарына мүмкіндікті қамтамасыз етеді, оларды бақылау жағдайында қолдайды және ақпараттық мәліметтерді берудің толықтығына, дұрыстығына және уақытылығына жауап береді.

хабарлар мен материалдар беру үшін электрондық, факсимильді және өзге байланыс құралдары пайдаланылуы мүмкін.

8 - б а п

Тараптар:

мәліметтер базасын ауыстыру кезінде бір-біріне нормативтік құқықтық актілер классификаторларын ұсынуды;

қолданылып жүрген ақпараттық-байланыс ресурстары жүйесін, сондай-ақ құпия байланыс жүйесін пайдалана отырып, құқықтық ақпарат ауыстыруын жүргізуді қажет деп санайды.

Құқықтық ақпарат ауыстыру екі мемлекеттің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Осы Келісім басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

10-бап

Келісім Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Барлық өзгертулер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен дайындалады.

11-бап

Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен кеңесулер жолымен шешіледі.

12-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекет ішіндегі жөн-жосықтарды орындауы туралы соңғы хабар алған күннен бастап күшіне енеді, егер Тараптардың бірі Келісім күшінің мерзімі аяқталғанша кемінде алты айда басқа Тарапқа өзінің осы Келісім заңдылығын тоқтату туралы ойын хабарламаса, әрбір келесі бес жыл үшін мерзімін шұғыл ұзартумен бес

жыл ішінде қолданылады.

1997 жылы 10 маусымда Алматы қаласында, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан, және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалады, барлық мәтіндер бірдей күшке ие. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі

мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы
Үкіметінің арасындағы құқықтық ақпаратпен алмасу туралы

Келісімге

Қосымша

Мемлекетаралық алмасуға жататын нормативтік
құқықтық актілердің

ТІЗБЕСІ

1. Мемлекеттік құрылыс негіздері
2. Мемлекеттік қауіпсіздік
3. Қорғаныс
4. Мемлекеттік қызмет
5. Сыртқы саясат, халықаралық және сыртқы экономикалық қатынастар
6. Әкімшілік заң шығару
7. Әділет. Сот. Прокуратура
8. Қоғамдық тәртіпті сақтау
9. Қылмыстық заңдар
10. Қылмыстық іс жүргізу заңдары
11. Қылмыстық атқару заңдары
(еңбек-түзету заңдары)
12. Азаматтық және отбасы құқығы
13. Азаматтық іс жүргізу және шаруашылық заңдары
14. Еңбек және тұрғындардың жұмыс бастылығы
15. Әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру
16. Қаржы және несие
17. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлік қызмет
18. Өнеркәсіп
19. Құрылыс және сәулет кешендері
20. Ауыл шаруашылығы
21. Сауда
22. Көлік және байланыс
23. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету
24. Білім, ғылым, мәдениет
25. Денсаулық сақтау
26. Жер туралы, жер қойнаулары, су, ауа кеңістігі, өсімдік,

жануарлар және табиғи байлықтар әлемі туралы заңдар

27. Қоршаған ортаны қорғау

28. Геодезия, картография, гидрометеорология

29. Халықаралық жеке құқық және процесс

30. Кеден ісі